«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы 2026ж. 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін шоғырландырылған қаржы нәтижелері

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі – Банк) (Лондон Қор Биржасындағы (LSE) тикер: HSBK, Қазақстан қор биржасындағы (KASE) тикер: HSBK және HSBKd, АХҚО биржасындағы (AIX) тикер: HSBK және HSBK.Y) 2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы ақпаратын жариялайды.

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп

Млн теңге

	9 ай 2026	9 ай 2025	ж/ж, абс	ж/ж, %	3тоқ 2026	3тоқ 2025	ж/ж, абс	ж/ж, %
Пайыздық кірістер[1]	2,209,774	1,986,382	223,392	11.2%	763,621	697,085	66,536	9.5%
Пайыздық шығыстар	(1,209,342)	(1,018,110)	(191,232)	18.8%	(420,812)	(369,546)	(51,266)	13.9%
Кредиттік залалдар бойынша шығыстарға дейінгі таза пайыздық кіріс	**1,000,432**	**968,272**	**32,160**	**3.3%**	**342,809**	**327,539**	**15,270**	**4.7%**
Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер	170,026	175,574	(5,548)	(3.2%)	61,935	61,257	678	1.1%
Қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстар	(80,412)	(73,767)	(6,645)	9.0%	(29,096)	(27,232)	(1,864)	6.8%
Қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістер	**89,614**	**101,807**	**(12,193)**	**(12.0%)**	**32,839**	**34,025**	**(1,186)**	**(3.5%)**
Сақтандыру қызметінен түскен таза кіріс [2]	5,330	51,331	(46,001)	(89.6%)	11,386	25,491	(14,105)	(55.3%)
Шетел валютасымен операциялар, қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза пайда [3]	141,405	142,090	(685)	(0.5%)	56,163	54,143	2,020	3.7%
Басқа кірістер [4]	20,993	48,133	(27,140)	(56.4%)	7,785	16,660	(8,875)	(53.3%)
Кредиттік залалдар бойынша шығыстарды қалыптастыру және басқа кредиттік залалдар бойынша қалпына келтіру	(146,853)	(107,475)	(39,378)	36.6%	(42,824)	(45,957)	3,133	(6.8%)
Операциялық шығыстар [5]	(241,363)	(221,309)	(20,054)	9.1%	(84,482)	(74,702)	(9,780)	13.1%
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(142,103)	(172,914)	30,811	(17.8%)	(43,788)	(55,866)	12,078	(21.6%)
Кезеңдегі пайда	**727,455**	**809,935**	**(82,480)**	**(10.2%)**	**279,888**	**281,333**	**(1,445)**	**(0.5%)**
Бақыланбайтын қатысу үлесі	(1)	2	(3)	(2)	0	0	0	0
Банктің акционерлеріне тиесілі кезеңдегі пайда	**727,456**	**809,933**	**5,600**	**(10.2%)**	**279,888**	**281,333**	**(1,445)**	**(0.5%)**
Таза пайыздық маржа, жылдық	**6.9%**	**7.2%**			**6.9%**	**7.1%**		
Орташа меншікті капиталға қайтару (RoAE), жылдық	**26.8%**	**33.8%**			**30.8%**	**34.3%**		
Орташа активтерге қайтару (RoAA), жылдық	**4.5%**	**5.6%**			**5.0%**	**5.6%**		
Операциялық шығыстардың	**19.2%**	**16.9%**			**18.7%**	**16.3%**		

операциялық кіріске қатынасы				
Клиенттердің қарыздары бойынша тәуекел құны, жылдық	1.5%	1.4%	1.6%	1.4%

(1) Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы есептелген пайыздық кірістер және басқа пайыздық кірістер;
(2) Сақтандыру қызметтеріне арналған шығыстарды, сақтандыру бойынша таза қаржы (шығыстарын)/кірістерін және қайта сақтандыру бойынша таза шығыстарды шегергендегі сақтандыру шарттары бойынша түсетін кірістер;
(3) Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(залал), басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша таза іске асырылған пайда/(залал), шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза пайда/(залал);
(4) Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы үлес, банктік емес қызметтен түсетін кірістер және өзге де кірістер;
(5) Басқа күтілетін кредиттік залалдар бойынша қалпына келтіруді/(залалды) қоса алғанда.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы ақпаратын дайындау кезінде Топ басшылығының Топтың есептік саясатын қолдануға және бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздеріне қатысты, ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалған 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау кезіндегімен бірдей маңызды пайымдаулары қолданылды. 2025 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда, маңызды бухгалтерлік бағалаулар анықталған негізде ешқандай елеулі өзгерістер болған жоқ.

2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде Топ басшылығы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (ҚРҰБ) және Өзбекстан Республикасының Орталық банкінде (ӨР ОБ) орналастырылған міндетті резервтерді ұсынуға қатысты есептік саясатты өз еркімен өзгертті.

Бұрын Топ қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте міндетті резервтерді ақшалай қаражат пен оның баламаларынан бөлек ұсынған, ал осы резервтер бойынша қалдықтардың өзгерістерін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен түсетін ақша ағындарының құрамында көрсеткен. Қайта қаралған есептік саясатқа сәйкес, ХҚЕС (IAS) 7 «Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп» стандартына сәйкес ақшалай қаражат анықтамасына сәйкес келетін міндетті резервтер екі есепте де ақшалай қаражат пен оның баламаларының құрамына енгізіледі.

Топ басшылығы қайта қаралған ұсыну тәсілі міндетті резервтердің экономикалық мәнін дәлірек көрсеткендіктен, тиістірек және сенімдірек қаржы ақпаратые қамтамасыз етеді деген қорытындыға келді. Топ бұл қаражатты өзінің күнделікті қызметінде пайдалану мүмкіндігіне ие, бұл ретте міндетті резервтердің ең аз деңгейіне қойылатын талаптардың сақталуы тиісті кезеңдегі қалдықтардың орташа шамасы негізінде бағаланады.

Сонымен қатар, Топ басшылығы бұрын клиенттер қаражатының өзгерістері құрамында көрсетілген шетел валютасымен жасалған операциялардан алынған іске асырылған пайданы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есепте бөлек жолмен көрсету туралы шешім қабылдады. Аталған өзгерістер операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағындарына әсер еткен жоқ.

Пайыздық кірістер[(1)] 2026 жылғы 9 айда негізінен клиенттердің қарыздары бойынша орташа баланстың ұлғаюы есебінен 2025 ж. 9 аймен салыстырғанда 11.2 %-ға ұлғайды.

Пайыздық шығыстар негізінен орташа пайыздық мөлшерлеменің ұлғаюы және клиенттердің қаражаты бойынша орташа қалдықтың өсуі салдарынан, сондай-ақ клиенттердің теңгедегі қаражаты үлесінің өсуі салдарынан 2026 ж. 9 айда 2025 ж. 9 аймен салыстырғанда 18.8 %-ға өсті. Демек, 2026 ж. 9 айдағы **таза пайыздық кіріс** 2025 ж. 9 аймен салыстырғанда 3.3%-ға өсті.

Таза пайыздық маржа ең төмен резервтік талаптардың коэффициенттерінің ұлғаюына байланысты 2025 ж. 9 айдағы 7.2%-бен салыстырғанда 2026 ж. 9 айда 6.9%-ға дейін азайды. Ең төмен резервтік

талаптардың қатаңдауын ескере отырып түзетілген таза пайыздық маржа 7.2%-ды құраған болар еді.

Таза комиссиялық кіріс 2025 ж. 9 айға қарағанда 2026 ж. 9 айда 12.0%-ға төмендеді, бұл негізінен реттеушілердің өзгерістері нәтижесінде кредит беру талаптары қатаңдатылғандықтан, BNPL бойынша транзакциялық кірістің төмендеуіне байланысты, сондай-ақ белгілі бір банк қызметтері бойынша ҚҚС-ті енгізу процесіне байланысты болды. Сонымен бірге, 2026 ж. 3-тоқсанындағы таза комиссиялық кіріс карта бизнесінің өсуіне байланысты 2026 ж. 2-тоқсанымен салыстырғанда 7,5%-ға артты.

2026 ж. 9 айдағы басқа кірістердің[4] кері динамикасы 2025 ж. 9 айда белгілі бір активтерді және міндеттемелерді реттеуге байланысты Банктің стресті активтерін басқару жөніндегі еншілес компаниясында танылған бірреттік табыс салдарынан жоғары база әсеріне байланысты болды.

Кредиттік залалдар бойынша шығыстарды қалыптастыру біздің жылдық болжамымызға сәйкес келді. Клиенттердің қарыздары бойынша тәуекел құны 2026 ж. 9 айда 1.5% деңгейінде болды.

Операциялық шығыстар[5] 2026 ж. 9 айда негізінен жалақы мен сыйлықақыларды индексациялау есебінен, сондай-ақ IT дамытуға және қайырымдылыққа байланысты шығыстар есебінен 9.1%-ға ұлғайды.

Операциялық шығыстардың операциялық кіріске қатынасы 2026 ж. 9 айда операциялық кірістердің төмендеу болуының салдарынан 2025 ж. 9 айдағы 16.9%-бен салыстырғанда 19.2%-ға дейін өсті.

Жай акционерлерге таза пайда 2026 ж. 9 айда жоғарылатылған ең төмен резервтік талаптардың әсері, бөлшек кредиттеудегі реттеудің қатаңдауы және клиенттердің қаражаты бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме өсімінің клиенттерге берілген қарыздар бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме өсімінен озық болуы салдарынан жылдан жылға 10,2%-ға төмендеді. Ең төмен резервтік талаптардың қатаңдату әсеріне түзетілген таза пайда 2.0%-ға төмендер еді.

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп

Млн теңге

	30-қыркүйек-26	30-маусым-26	2тоқ. аяғына қарай өзгерістер, абс	2тоқ. аяғына қарай өзгерістер, %	31-желтоқсан-25	Жыл басына қарай өзгерістер, абс	Жыл басына қарай өзгерістер, %
Активтердің барлығы	**22,546,862**	**22,036,296**	**510,566**	**2.3%**	**20,908,456**	**1,638,406**	**7.8%**
Ақша және оның баламасы	2,735,020	2,848,731	(113,711)	(4.0%)	2,556,579	178,441	7.0%
Кредиттік мекемелердегі қаражат	236,201	209,657	26,544	12.7%	181,288	54,913	30.3%
ҚР Қаржы Мин қазынашылық облигациялары мен ҚРҰБ ноталары[6]	3,160,745	3,070,524	90,221	2.9%	2,502,059	658,686	26.3%
Басқа БҚ және туынды құралдар[7]	2,014,125	1,875,712	138,413	7.4%	1,845,652	168,473	9.1%
Несие портфелі, брутто	14,335,458	13,958,237	377,221	2.7%	13,714,721	620,737	4.5%
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтер	(723,570)	(692,540)	(31,030)	4.5%	(603,804)	(119,766)	19.8%
Несие портфелі, нетто	13,611,888	13,265,697	346,191	2.6%	13,110,917	500,971	3.8%
Сатуға арналған активтер	34,344	15,718	18,626	118.5%	8,896	25,448	286.1%
Басқа активтер	754,539	750,257	4,282	0.6%	703,065	51,474	7.3%

Міндеттемелердің барлығы	**18,935,053**	**18,393,180**	**541,873**	**2.9%**	**17,408,105**	**1,526,948**	**8.8%**
Клиенттердің қаражаты, сондай-ақ:	14,830,094	14,870,624	(40,530)	(0.3%)	14,338,804	491,290	3.4%
жеке тұл. депозиттері	8,237,776	8,278,673	(40,897)	(0.5%)	7,976,451	261,325	3.3%
мерзімді салымдар	7,207,085	7,139,767	67,317	0.9%	6,781,175	425,910	6.3%
ағымдағы шоттар	1,030,691	1,138,906	(108,215)	(9.5%)	1,195,276	(164,585)	(13.8%)
заңды тұл. Депозиттері	6,592,318	6,591,951	367	0.0%	6,362,353	229,965	3.6%
мерзімді салымдар	4,856,116	4,593,727	262,389	5.7%	4,675,777	180,339	3.9%
ағымдағы шоттар	1,736,202	1,998,224	(262,023)	(13.1%)	1,686,576	49,626	2.9%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,204,782	1,185,823	18,959	1.6%	970,098	234,684	24.2%
Кредиттік мекемелердің қаражаты	1,906,745	1,403,974	502,771	35.8%	1,270,128	636,617	50.1%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	993,432	932,759	60,673	6.5%	829,075	164,357	19.8%
Капиталдың барлығы	**3,611,809**	**3,643,116**	**(31,307)**	**(0.9%)**	**3,500,351**	**111,458**	**3.2%**

(6) Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық облигациялары мен ҚРҰБ ноталары;
(7) Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық облигациялары мен ҚРҰБ ноталарын шегергенде, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері, амортизацияланған құнмен бағаланатын борыштық бағалы қағаздар

2026 ж. 9 айдың аяғындағы жағдай бойынша **активтердің барлығы** жыл басынан бері 7.8%-ға ұлғайды.

2025 ж. 9 айдың аяғымен салыстырғанда **клиенттерге қарыздар** брутто негізінде 10.0%-ға және нетто негізінде 9.6%-ға ұлғайды.

2025 ж. аяғымен салыстырғанда **бағам әсерін ескерусіз клиенттерге қарыздар** брутто негізінде 8.5%-ға және нетто негізінде 7.4%-ға ұлғайды, ал **клиенттерге қарыздар (қаржы есептілігінің деректері бойынша)** брутто негізінде 4.5%-ға және нетто негізінде 3.8%-ға ұлғайды

2026 ж. 9 айдың аяғындағы жағдай бойынша **Stage 3 коэффициенті** проблемалық бөлшек қарыздарды коллекторлық агенттіктерге сату бойынша жалғасып келе жатқан мораторийдің, сондай-ақ бөлшек бизнестің кредиттік портфелінің өсуінің төменірек болуының нәтижесінде 9.2%-ға дейін өсті.

2025 ж. 9 айдың аяғымен салыстырғанда **заңды және жеке тұлғалардың қаражаты** тиісінше 2.3%-ға және 6.7%-ға ұлғайды. 2025 ж. аяғымен салыстырғанда **заңды және жеке тұлғалардың қаражаты** тиісінше 3.6%-ға және 3.3%-ға ұлғайды.

2026 ж. 9 айдың аяғындағы жағдай бойынша теңгемен көрсетілген клиенттер қаражатының үлесі клиенттер қаражатының жалпы сомасында 2025 ж. аяғындағы жағдай бойынша 71.7%-бен салыстырғанда 74.5%-ды құрады, ал теңгемен көрсетілген заңды тұлғалар депозиттердің үлесі заңды тұлғалар депозиттерінің жалпы сомасында 2025 ж. аяғындағы жағдай бойынша 70.4%-бен салыстырғанда 71.2%-ды құрады, сондай-ақ теңгемен көрсетілген бөлшек депозиттердің үлесі бөлшек депозиттердің жалпы сомасында 2025 ж. аяғындағы жағдай бойынша 72.7%-бен салыстырғанда 77.2%-ды құрады.

2025 ж. аяғындағы жағдай бойынша **кредиттік мекемелердің қаражаты** РЕПО келісімдері бойынша қарыздың өсімі салдарынан 50.1%-ға өсті.

2026 ж. 9 айдың аяғындағы жағдай бойынша **шығарылған борыштық бағалы қағаздар** 2026 жылдың мамыр және маусым айларында AIX-те листингтелген, купондық мөлшерлемесі 3,5% облигацияларды шығару есебінен 2025 ж. аяғымен салыстырғанда 24.2%-ға ұлғайды. 2026 ж. 9 айдың аяғындағы жағдай бойынша Банктің борыштық бағалы қағаздарының портфелі келесідей болды:

Борыштық құралдың атауы	Айналымдағы номиналдық сомасы	Сыйақы мөлшерлемесі	Өтеу күні
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	182.1 млрд теңге	14.85% р.а. – құбылмалы мөлшерлеме	шілде 2031
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	20.0 млрд теңге	19.53% - құбылмалы мөлшерлеме	желтоқсан 2027
Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар	289.2 млн АҚШД	жылдық 3.5%	мамыр 2027
Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар	495.7 млн АҚШД	жылдық 3.5%	мамыр 2027
Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар	482 млн АҚШД	жылдық 3.5%	шілде 2027
Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар	500 млн АҚШД	жылдық 3.5%	мамыр 2028
Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар	56.7 млн АҚШД	жылдық 3.5%	маусым 2028
Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар	133.4 млн АҚШД	жылдық 3.5%	қыркүйек 2028

2026 ж. 9 айдың аяғындағы жағдай бойынша **Капиталдың барлығы** Банктің 2026 ж. 9 айда тапқан таза табысының нәтижесінде 2025 жылдың аяғымен салыстырғанда 3.2%-ға ұлғайды.

Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенттері*:

	30-қыркүйек-26	31-маусым-26	31-наурыз-26	31-желтоқсан-25	30-қыркүйек-25
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттері, шоғырландырылмаған:					
Halyk Bank					
k1-1	18.3%	19.0%	21.0%	18.9%	18.0%
k1-2	18.3%	19.0%	21.0%	18.9%	18.0%
k2	18.3%	19.0%	21.0%	18.9%	18.0%

** капиталдың жеткіліктілігіне қойылатын ең аз реттеушілік талаптар: k1 – 9.5 %, k1-2 – 10.5 % және k2 – 12 %, сондай-ақ әрбір коэффициент үшін 3 % консервациялық буфер және 1 % жүйелік буфер.*

2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін шоғырландырылған қаржы ақпараты, сондай-ақ ескертулері, Банктің https://halykbank.com/results-and-presentations веб-сайтында қолжетімді.

2026 жылдың тоғыз айы және үшінші тоқсаны үшін қаржы нәтижелерінің қорытындысы бойынша конференцияның веб-трансляциясы 2026 жылғы 23 қарашада дүйсенбі күні Лондон уақыты бойынша сағат 14:00-де / Алматы уақыты бойынша 19:00-де (UTC +5:00) өтеді. Таныстырылымның тікелей трансляциясы тіркелгеннен кейін Zoom сілтемесі арқылы қолжетімді. Тіркелу 23 қарашаға дейін (қоса алғанда) ашық, тіркелу үшін мына жерді басыңыз.

Қазақстан Халық Банкі туралы

Халық Банкі – бөлшек, ШОБ және корпоративтік банк қызметтерін, сақтандыруды, лизингті, брокерлік қызметтерді, активтерді басқаруды және өмірге қажетті қызметтерді (лайфстайл) қоса алғанда, әртүрлі сегменттерде жұмыс істейтін Қазақстандағы жетекші қаржы тобы. Халық Банкінің Қазақстан қор биржасында 1998 жылдан бері, Лондон қор биржасында 2006 жылдан бері және Астана халықаралық биржасында 2019 жылдан бері листингі бар.

2026 жылғы 30 қыркүйек жағдайы бойынша Банк жиынтығында 22,547 млрд теңге мөлшеріндегі активтерге ие бола отырып, Қазақстандағы ең ірі кредитор болып табылады. Банк елдегі ең ірі клиенттік базалардың біріне ие және филиал желісі кең тараған, ел бойынша 529 филиалы мен бөлімшесі бар. Сонымен қатар Банк Грузия мен Өзбекстанда қызмет етеді.

Банк туралы толығырақ ақпаратты: https://www.halykbank.com сайтынан табуға болады

- СОҢЫ-

Қосымша ақпарат алуға болатын тұлғалар:

Мира Тиянақ	+7 727 259 04 30 Ir@halykbank.kz MiraK@halykbank.kz
Рустам Теліш	+7 727 330 15 66 RustamT@halykbank.kz
Екатерина Сванбаева	+7 727 330 12 88 EkaterinaS@halykbank.kz
Лаура Кустубаева	+7 (727) 259 60 27 LauraKus@halykbank.kz
Анвар Ахметов	+7 727 330 15 37 AnvarAhm@halykbank.kz